

ӘОЖ: 314 (075,8)

<https://orcid.org/0000-0001-5660-694X>

<https://orcid.org/0000-0002-0149-5012>

Балыкова А.М.,* Абдрахманова Р.Л.

тарих ғ.к., қауымдастырылған профессор, Батыс Қазақстан ИТУ, Орал, Қазақстан

тарих ғ.к., қауымдастырылған профессор, Батыс Қазақстан ИТУ, Орал, Қазақстан

ОРАЛ ҚАЛАСЫНЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ КЕЛБЕТІ (1946-1989)

*Автор-корреспондент: akkain-b@yandex.ru

Түйін: Соғыстан кейінгі жылдарда еліміздің әлеуметтік дамуында үлкен үдерістер болды. Бұл өзгерістер елдің кейінгі саяси, экономикалық, мәдени өміріне көп өзгерістер әкелді. Сондай құбылыстардың бірі қазақ кеңестің зиялы қауым өкілдерінің қалыптасуы еді. Батыс Қазақстанда қазақ зиялы қауым өкілдерінің әлеуметтік топ ретінде қалыптасуы соғыстан кейінгі жылдарда жүзеге асты. 50-60 жылдардан бастап, аймақтың мәдени, ғылыми, саяси және экономикалық өмірінде әлеуметтік топ ретінде Орал қаласында да зиялы қауым өкілдері қалыптаса бастады. Бұл теңдессіз әлеуметтік құбылыс деп бағалауға тұратын жоғары кәсіби білімді, ұлттық мәдениетті бойына сіңірген, ана тілі мен орыс тілін жетік меңгерген зиялы азаматтардың шоғыры еді. Олардың арасынан мемлекеттік және партия органдарының басшылары қалыптасты. Орал қаласындағы бұл уақытты зиялы көшбасшылардың аймақтық буынының қалыптасқан керемет дәуірі деуге болатын.

Кілт сөздер: демография, халық саны, санақ, өсім, көші-қон, ұлттар, еңбек.

Кіріспе. Соғыстан кейінгі жылдарда елімізде Қарағанды, Өскемен, Ақтөбе, Павлодар сияқты қалалар қарқынды дами бастады, кейбір қалалар жаңадан пайда болып жатты. Орал қаласы да өнеркәсіптік дамудағы қарқынын күшейте түскен еліміздің батыс аймағындағы қуатты қала қатарынан саналды. Соғыстан кейінгі жылдарда халық саны мен құрылымы қайта қалыпқа келіп жатқан уақыт болды. Соғыс жылдарындағы адам шығыны көп болып, халықтың жас және жыныстық құрылымында көп өзгеріс болғаны белгілі. 1946-1989 жылдар аралығында Орал қаласының халқы 66613 адамнан 225700 адамға артты, немесе 3 есеге артты. Орал қаласының халқы 1956 жылы 100864 адам, 1970 жылы 139489 адам, 1979 жылы 189423 адам, 1989 жылы 225700 адамды құраған (кесте 1) [1,10].

Кесте - 1. Орал қаласы халқының саны (адам)

Жылдар	1946 ж	1954ж	1959 ж	1970ж	1979ж	1989ж
Орал қаласы	66613	79086	100864	139489	189423	225700

Тұтас Қазақстан бойынша қалалану көрсеткіші 1959 жылы 43,6 пайызды құраған болса, Батыс Қазақстандағы қалалану деңгейі 41,9 пайызды құрап, орташа республикалық көрсеткіштен қалыс қалды. 1959-1989 жылдар аралығында өнеркәсіптік өсім көрсеткіштері басым болғанмен, батыс өңірдің облыстары арасында Батыс Қазақстан облысының қалалану деңгейі 29,6 пайызды құрап, аймақтағы ең төмен көрсеткішке ие болды [2, 262]. Оның себебі, Ақтөбе мен Маңғыстау облыстарында өнеркәсіптік даму күшті қуатқа ие болып, республиканы басқа өңірлерінен көшіп-келушілер санының көп болуымен байланысты еді.

Орал қаласы Батыс Қазақстанның басқа қалаларына қарағанда ерекшелігі, халық

санының өсімі табиғи өсім есебінен жүзеге асуымен байланысты еді. Көршілес Атырау, Ақтөбе қалаларының халық өсімі 1946-1989 жылдар аралығында негізінен механикалық өсім есебінен арта түсті. Орал қаласының халқы 40 жыл ішінде 29,5 пайызға артып отыр. Соғысқа дейінгі кезеңде Орал қаласы халқының өсімі 6,4 пайызды құраған еді. Бұл көрсеткіштер Орал қаласының 1946-1989 жылдардағы демографиялық даму бағытының жоғары болғанын дәлелдейді.

Халық санының сипаты ұлттық құрылымдағы өзгерістерді талдаумен қатар жүргізіледі. Соғыстан кейінгі жылдарда Орал қаласы халқының этникалық құрылымы кеңейіп, көп ұлтты сипат ала бастады. Халықтың жалпы санының артуымен қатар, барлық ұлттардың өсімі байқалды. Оған елдегі бір қалыпты, тұрақты жағдай әсер етіп, Орал қаласы халқы санының өсіміне оң ықпал жасады (кесте 2) [3,403;117].

Кесте - 2. Орал қаласы халқының ұлттық құрылымындағы өзгерістер (адам)

	Жыл- Дар	қазақ- тар	орыс- тар	украин- дықтар	татар- лар	неміс- тер	барлық халық
Орал қаласы	1959	9962	87391	8087	4358		113381
	1970	19151	116134	10759	6275	923	157919
	1979	41041	146823	13902	7486	1591	217391
	1989	75488	158757	14590	8216	2003	225700

Кестедегі мәліметтер 1959-1989 жылдар аралығындағы Орал қаласы халқының тұрақты өсімін көрсетеді. Аталмыш жылдарда халықтың ұлттық құрылымында көп өзгеріс болды. Қазақ халқының саны 9962 адамнан 75488 адамға, немесе 7 есеге өсті. Қазақ халқының жыл сайынғы өсімі 2190 адамға артып отырды. Орыстардың саны 87391 адамнан 158757 адамға артты. Бірақ, орыстардың арасында өсім қарқыны 1979-1989 жылдар аралығында баяулап қалды. Егер 1959-1970 жылдардың аралығында жыл сайынғы өсім 2378 адамды құрап отырса, кейінгі 1970-1989 жылдарда орыстардың жыл сайынғы өсімі 1645 адамды құрайды. Бұл жалпы халық саны құрамындағы орыстардың санының азабымен байланысты көрініс еді. 1979 жылдан бастап украиндықтар мен татарлардың саны да азайған. Нәтижесінде 1979 жылдан бастап, Орал қаласындағы орыстардың үлесінің төмендеуіне байланысты, басқа кіші ұлттық топтардың үлесі артты.

1989 жылғы халық санағы халық саны мен құрылымындағы көп өзгерістердің болғанын дәлелдеді. Санақ бойынша Орал қаласындағы қазақ халқының санындағы өсім анық байқалды. Халық құрылымы арасында қазақ халқының үлесі 20 пайызды құрағанмен, өсім көрсеткіші жоғары болды. Орал қаласында 1989 жылы халық құрылымында қазақтар 28 пайызды, орыстар 59 пайызды құраған еді [4, 25].

Өсім қарқыны бойынша қазақтар басқа ұлт топтарынан басым болды. Оған ықпал еткен қазақ халқының арасындағы табиғи өсім көрсеткіштерінің жоғары болуы, халықтың өмір жасының ұзаруы, медициналық қызмет көрсету саласының жетілуі сияқты факторлар. Қазақтардың үлес салмағының өсімі 1970-1979 жылдар аралығында анық байқала бастады. Орал қаласындағы қазақтардың үлесі 1959 жылы 8,7 пайызды құраса, 1989 жылы 28,2 пайызға көтерілді. Дәл осы уақытта орыстардың, украиндықтардың, татарлардың және басқа да бірқатар ұлттардың үлес салмағы төмендей берді [4, 25].

Соғыстан кейінгі жылдарда Қазақстанның барлық қалаларында қазақ халқының санының артуы байқалды. Өсім қарқыны бойынша Қазақстанның барлық қалаларындағы қазақ халқының өсімінде көп алшақтық жоқ. Дегенмен, Орал қаласында орыстар мен украин этносының өсіміндегі жоғары қарқын сақталды. Оның себебі, бұл ұлттардың үлес салмағының ежелден көп болуымен байланысты жағдай. Орыстар 1959-1989 жылдар аралығында 63,5 пайызға артса, украиндықтар 18,3 пайызға өскен. 1959-1989 жылдар аралығында Орал қаласындағы орыстардың жалпы саны 87,3 мың адамнан 158,7 мың адамға өскенмен, халық құрылымындағы үлес салмағы 77 пайыздан 59,3 пайызға

төмендеген. Орал қаласындағы орыстардың санының артуы тек қана табиғи өсім есебінен емес, сонымен қатар көшіп-келушілер есебінен де толықты. 1959-1989 жылдар аралығында Орал қаласындағы қазақтардың өсімі 8 есеге артса, орыстардың өсімі 2 есеге артып отыр [5,125]. Бұл көрініс қазақтардың табиғи өсімінің орыстарға қарағанда жоғары екендігін дәлелдейді.

Қаладағы қазақ халқы санының өсімі Оралдағы халық құрылымында өзге ұлт өкілдерінің үлес салмағының төмендей түсуіне ықпал етті. Санақ материалдары барысында қазақ халқының көпшілігінің ауылдан қалаға қарай көптеп қоныс аударған уақыты 70 жылдардың екінші жартысы мен 80 жылдар екендігін байқауға болады. Осы жылдарда Оралда «Омега», «Металлист», «Гидроприбор» зауыттары іске қосылып, кәсіпорындардың өнімдері әлемдік нарыққа шықса, 1979 жылы Қарашығанақ мұнай-газ конденсатының кен орнының ашылуына байланысты жұмыс орындары көбейді [6,308]. Орал өңіріндегі ауыл қазақтарының көпшілігі қалаға жұмысқа орналасу мақсатымен келе бастады.

1946-1990 жылдардың аралығында Орал қаласының халық құрылымында әртүрлі ұлт топтары қалыптасты. Олардың кейбірі қала өміріне белсене араласқан тұрақты ұлт өкілдері болса, енді біреулері көші-қон толқынымен Оралға осы уақытта келіп жатты.

Орал қаласы бойынша 1989 жылғы халық санағының мәліметтерінде 80-ге жуық ұлт топтары көрсетілген [2,269]. Олардың арасында аварлар, қырғыздар, тәжіктер, чехтар, ноғайлар сияқты басқа да ұлттар бар. Ұлт топтары арасында Орал қаласында 1989 жылы 2 мыңнан астам немістер тіркелген [4,26]. Немістердің Орал өңірінде қалыптасуы Ұлы Отан соғысы жылдарында күштеп депортациялау оқиғасымен байланысты. Негізінен Жымпиты ауданына көшірілген немістер кейін Орал қаласына қоныс аудара бастады.

1959-1970 жылдар аралығында белорустардың саны артты. Олардың көпшілігі тың игеру кезінде келіп, кейін 1970 жылдардан бастап, кері қайта бастады. Тек қана Орал қаласы емес, тұтас Батыс Қазақстан халқының құрылымындағы өзгерістердің бірі 1970 жылдардан кейін кавказ ұлты өкілдерінің санының өсімі болатын. Олар өнеркәсіп орындарына, құрылыс саласына, сауда мен қызмет көрсету саласында көптеп еңбек етті. Әсіресе, шешен, ингуш сияқты кавказ ұлтының өкілдері кейіннен Оралда тұрақтап қалды.

Орал өңірінде кәріс халқының қалыптасуы 50 жылдардағы елдегі саяси оқиғалармен байланысты еді. Бүгінде Оралда 700-ден астам кәрістер тұрады, олар қаланың мәдени және қоғамдық өміріне белсене араласып келеді.

Орал қаласында Еділ бойындағы халықтар арасынан башқұрттар, мордвалар, чуваштар, удмурттар да бар. XIX ғасыр аяғында санаққа іліккен, ежелден өмір сүріп келе жатқан еврейлер де тұрып жатыр. Бірақ табиғи өсім көрсеткіштерінің төмендеуіне, сыртқы көші-қонның ықпалынан олардың саны азая түсті.

Орал қаласының этнодемографиялық үдерістерінің сипатына саны аз ұлттық топтардың ықпалы да көп бола қойған жоқ. 1959-1989 жылдар аралығында Орал қаласындағы саны аз ұлт топтары 3581 адамнан 8308 адамға артты, алайда үлес салмақтары 3,2 пайыздан 2,9 пайызға төмендеді.

Қорыта келе, 1946-1989 жылдар аралығында Орал қаласының халқы сандық және сапалық көптеген өзгерістерге түсті. Халық саны үш есеге артып, 225700 адамға жетті.

Орал қаласының этникалық құрылымында саны басым ұлт - орыстар болды. Олардың саны 1989 жылы 158757 адамды құрады. Алайда үлес салмағы 77 пайыздан 59,3 пайызға төмендеді. Халық санағының мәліметтері бойынша 70 жылдардың ортасынан бастап, орыс тұрғындардың жалпы саны төмендей бастаған.

Оралдағы саны жағынан екінші этнос - қазақ халқының саны 1989 жылы 75488 адамға жетіп, халық құрылымындағы үлесі артты. 1959 жылы Оралдағы қазақтардың үлесі 8,7 пайыз болса, 1989 жылы 28,2 пайызға жетті. Қаладағы қазақ халқының санының артуы табиғи өсімдегі оң өзгерістерге байланысты еді. Халықтың өсім қарқыны туу деңгейінің көтерілуі, өмір сүру ұзақтығының артуы, өлім-жітім көрсеткіштерінің төмендеуі, халықтың әл-ауқатының жақсаруы сияқты факторлармен байланысты болды.

Қазақтар арасындағы қалалану деңгейі 1989 жылғы санақ мәліметтері бойынша 38,4 пайызға жеткен [6, 315].

Қала халқының этникалық құрамын сипаттағанда көптеген ұлт топтары санының азайғанын байқауға болады. 1926 жылға қарағанда Орал қаласында өмір сүріп жатқан өзге ұлт топтары екі есеге азайған.

Халықтың қазіргі даму сипаты екі кезеңнен тұрады: бірінші кезең 1960 жылға дейінгі кезең, бұл уақыт соғыстан кейінгі кезеңдегі халық санының толығу уақыты болды. Екінші кезең 1960-1989 жылдар болды. Бұл кезеңде халық саны күрт өсті. Осы кезеңді Орал қаласының этнодемографиялық даму кезеңі деп сипаттауға болады.

Көп ұлттық құрылым сақталып тұрғанмен, ұлт топтарының саны екі есеге қысқарды. 70 жылдардан бастап, орыстардың шекара асып, көшіп кету үдерісі күшейсе, басқа да ұлт топтары арасында табиғи өсім көрсеткішінің төмендеуі осы жылдарда айқын көрінді. Орал қаласындағы қазақтардың үлес салмағы аз болғанмен, өсім көрсеткіші күшейе бастады.

Халық дамуының басты сипаты әлеуметтік жағдайы екені белгілі. 50-80 жылдардағы елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, аймақтағы халық санының өсіміне оң ықпал етті. Сәйкесінше, Орал қаласы халқының саны да артты. Халық шаруашылығының өсімі, өнеркәсіптің жаңа салаларының қалыптасуы аймақ экономикасының нығайып, соған байланысты әлеуметтік құрылымның күшеюіне мүмкіндік берді. Егер 20-30 жылдардағы халық санақтарының мәліметтерінде жекелеген топтар, класстар, қоғамдағы жекелеген топтар туралы мәліметтер келтірілсе, кейінгі санақтарда жұмысшылар, колхозшылар, қызметшілер деген белгілі үш топқа жіктелу басталды. Оның негізінде мемлекеттік және кооперативтік меншік формасын нығайту үдерісі жатыр. Әлеуметтік мәртебені бағалаудың осындай үлгісі кеңес мемлекетінің класстық негізді нығайтуға бағытталған саясатымен байланысты болды.

70-80 жылдардағы халық санағының сауалнамалық құжаттары, сұрақтардың қойылымы халық құрылымын нақтылауға әлеуметтік бағдарланған болды. Халық санақтарының жарық көрген мәліметтерінде барлық халық шаруашылығы, қоғамдық топтар, өмір сүру көзі, кәсібі бойынша ой еңбегі мен дене еңбегімен айналысатын халыққа жіктелді. Нәтижесінде халық әлеуметтік жағдайына байланысты жұмысшылар мен колхозшылар, қызметкерлер болып бөлінді. Халықтың әлеуметтік құрылымын сипаттайтын негізгі көрсеткіштердің бірі халықтың жұмыспен қамтылу деңгейі (кесте 3) [2, 274].

Кесте - 3. 1959-1989 жылдардағы Орал қаласы халқының еңбекпен қамтылу деңгейі

Жылдар	Барлық халық	Еңбекпен қамтылған халық саны	Жалпы халық санындағы үлесі (пайыз)
1959 жыл	100864	39437	39,1
1970 жыл	139489	61654	44,2
1979 жыл	189423	96037	50,7
1989 жыл	225700	116912	51,8

Еңбекпен қамтылған халық санының өсімі осы жылдарда республиканың халық санының жалпы өсімінен артып кетті. 1979-1989 жылдары республикада еңбекпен қамтылған халық санының өсімі 2,1 есеге артса, жалпы халық санының өсімі 1,7 есеге артқан еді. Кестедегі мәліметтерге қарағанда Орал қаласында халықтың еңбекпен қамтылу қарқыны 1959-1989 жылдары арта келіп, 1979 жылдан кейін бір қалыпты деңгейді сақтағанын байқауға болады.

Халықтың еңбекпен қамтылу деңгейі қаланың өндірістік және шығармашылық қуатын көрсетеді. Ал еңбекпен қамтылған халықтың құрылымы қаланың әлеуметтік-экономикалық даму бағыты мен негізгі бағдарларын анықтауға мүмкіндік береді.

1979-1989 жылдары Орал қаласы халқының еңбекпен қамтылу деңгейі 51,8 пайызды құрады [7,13]. Бұл үдерістердің негізінде өндірістің өсімі жатыр. 1979-1989 жылдар аралығында Орал қаласының халқы 189,4 мың адамнан 225,7 мың адамға өсіп отыр. Қалада өнеркәсіп, көлік саласында, құрылыста, саудада, қоғамдық тамақтану саласында жұмысшылар саны артты. Әсіресе, денсаулық сақтау, білім саласында еңбекпен қамтылған адам саны көбейді. 1989 жылы Орал қаласында 42389 білім алушы түрлі деңгейдегі білім мекемелерінде оқыған (кесте 4) [4, 39].

Кесте - 4. 1989 жылдардағы Орал қаласындағы білім алушылар саны

Аймақ	Барлық халық	Жоғары оқу орындарында	Арнаулы орта білім беретін мекемелерде	Жалпы білім беретін мектептерде	Орта кәсіптік-техникалық училище лерде	Басқа мектеп, курстарда оқушылар
Орал қаласы	225700	5070	4439	27830	4099	951

Орал қаласы бойынша 1959-1989 жылдар аралығында халықтың еңбекпен қамтылу деңгейі өсіп отыр. Халықтың еңбекпен қамтылуы 39,1 пайыздан 51,8 пайызға артқан. Бұл республикалық орташа көрсеткіштен жоғары болатын.

Әлеуметтік өзгерістер экономикалық қайта құрылымдармен тығыз байланысты. Басым салалардың айқындалуы халықтың белгілі-бір әлеуметтік келбетінің қалыптасуын көрсетеді. Орал қаласында қорғаныс, газ өңдеу, құрылыс өнеркәсіптерінің дамуы мен жеңіл және тамақ өнеркәсібі саласының кеңеюіне байланысты ауылдан келген жастар жұмысқа көптеп кірісті. Қала халқының санының артуына байланысты еңбекпен қамтылу құрылымында да көп өзгеріс болды. Қалада өндірістік саланың, әлеуметтік саланың үлесі артты. Ең басты сапалы өзгерістердің бірі - ой еңбегімен айналысушылар үлесінің артуы еді. 1979 жылы Орал қаласында дене еңбегімен айналысушылар үлесі 67,6 пайыз болса, ой еңбегімен айналысушылар 32,4 пайыз болып, орташа республикалық көрсеткіштен 0,7 пайызға қалыс қалды. Он жылдан кейін әлеуметтік-экономикалық дамудағы оң жетістіктерге байланысты дене еңбегімен айналысушылар үлесі 64 пайызға қысқарып, ой еңбегімен айналысушылар үлесі 36 пайызға артқан [7, 1-20].

1989 жылғы халық санағының мәліметтері бойынша Орал қаласының халқы құрылымының барлық бөлімдерін байқауға болады. 1989 жылы Орал қаласында зейнеткерлер мен мемлекеттің аз қамтылған топтарының саны 43,3 мың адамды құрап, үлес салмағы 19,2 пайыз болды, бұл көрсеткіш 1979 жылмен салыстырғанда 5,8 пайызға артқан. Жеке еңбек қызметі мен жеке шаруашылығында қызмет жасайтын халықтың саны да артқан [4, 47с].

Нәтижелер мен талқылау. Халықтың әлеуметтік келбетін сипаттағанда жыныстық құрылымын нақтылау маңызды. Соғыстан кейінгі жылдарда әйелдердің рөлі артып, халық шаруашылығының барлық саласында үстем болды. 1959-1989 жылдар аралығында ерлер мен әйелдер арасындағы көрсеткіш теңесті. 1959 жылы Орал қаласында ерлер 45,7 пайыз, әйелдер 54,3 пайыз болса, 1989 жылы ерлер 48,1, әйелдер 51,9 пайызды құрады. Ер азаматтардың қаладағы өсім қарқыны әйелдердің өсім қарқынынан қуатты болды [8,50].

Кесте - 5. Орал қаласы халқының қоғамдық топтар бойынша бөлінісі [9, 47п].

Аймақ атауы	Барлық халыққа пайызбен					
	1979			1989		
	барлығы	ерлер	әйелдер	барлығы	ерлер	әйелдер

Орал қаласы	100	100	100	100	100	100
Жұмысшылар	68,7	71,1	66,5	69,0	73,3	63,9
Қызметкерлер	27,2	24,7	29,5	29,0	24,1	33,5
Колхозшылар	2,5	2,2	2,7	2,0	2,2	1,9

Қорытынды. Халықтың әлеуметтік сипаттамасының барлық мәліметтері қоғамдық топтардың дамуын көрсетеді. 70-80 жылдардағы Орал қаласындағы бұл топтардың арасындағы халық бөлінісі тұтас аймаққа тән көрініс еді. Халық құрылымы арасында жұмысшылардың саны көп болды. Бірақ, халық құрылымындағы үлесі 1989 жылға қарай азая түсті. Бұл құбылыс ғылыми-техникалық жетістіктің енгізіліп, халықтың әлеуметтік жағдайының өзгеруіне де байланысты болды [9, 47п].

Қаладағы жұмысшылар тобы дамуының жалпы бағыты ерлер үлесінің артып, әйелдер үлесінің төмендеуі күйінде ішкі құрылымдық өзгерістер арқылы жүзеге асты. Орал қаласында жұмысшы ерлер үлесі 2,2 пайызға артса, әйелдер үлесі 2,6 пайызға төмендеді. Сондықтан, 70-80 жылдары қаладағы өндірістік қуат күшті болды да, жұмысшылар қатарының саны сақталып, мәртебесі арта берді.

Орал қаласының әлеуметтік даму саласының басты сипаты - қызметкерлер санының артуы еді. Өндірістік емес инфрақұрылым, денсаулық сақтау саласы, білім, мәдениет пен ғылымның дамуы қоғамдық өмірдегі осы санаттағы адамдардың мәртебесін күшейтті. Жұмысшылар мен колхозшылардың үлес салмағының төмендеуі барысында қызметкерлердің үлесінің артуы әлеуметтік-экономикалық дамудың жалпы бағытымен байланысты болды.

50-80 жылдардағы Орал қаласында әлеуметтік құрылымның қалыптасуы жұмысшылар тобының үлес салмағының азаюы мен қызметкерлер үлесінің артуы арқылы көрініс берді. Әлеуметтік-экономикалық дамудың нәтижесінде ой еңбегімен айналысатын адамдар санатының үлесі артты. Орал қаласы халқының әлеуметтік құрылымындағы өзгерістер оң сипат алып, заманауи әлеуметтік келбет қалыптасуына негіз жасады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Батыс Қазақстан облысының 1989-2009 жылдардағы халқы: демографиялық жағдайы және даму үрдістері. Орал: Полиграфсервис, 2009, 172б.
2. Сдыков М.Н. История населения Западного Казахстана. Алматы: 2004. 262с.
3. Кесте бойынша есептелді: Сдыков М.Н. История населения Западного Казахстана. Алматы: 2004. 403с.;
4. Балыкова А.М. Батыс Қазақстанның қала халқы: әлеуметтік-демографиялық аспектісі (1926-1989жж). Орал: Полиграфсервис, 2016. 117б.
5. О численности и составе населения по возрасту, состоянию в браке, национальности и языку, уровню образования, источнику средств существования, баланс трудовых ресурсов по районам Уральской области. Данные Всесоюзной переписи населения 1989 года. Том 3. Уральск: Уральское областное управление статистики, 1990.
6. Балыкова А.М. Батыс Қазақстанның тарихи демографиясы. Орал: Полиграфсервис, 2019. 160б.
7. Уральск: древний и современный. Очерки истории. Уральск: 2012. 336с.
8. Батыс Қазақстан облыстық архиві. 693-қор, 1-тізім, 2197 іс.
9. Батыс Қазақстан облыстық архиві. 850-қор, 9-тізім, 218 іс.
10. Батыс Қазақстан облыстық архиві. 1000-қор, 1-тізім, 72 іс.

Аннотация: В послевоенные годы происходили большие процессы в социальном развитии страны. Эти перемены внесли много изменений в последующую политическую, экономическую и культурную жизнь страны. Одним из таких явлений стало формирование казахской советской интеллигенции. Формирование казахской интеллигенции как социальной группы в Западном Казахстане происходило в послевоенные годы. С 50-х и 60-х годов в Уральске начала формироваться интеллигенция как социальная группа в культурной, научной, политической и

экономической жизни региона. Это была группа интеллигенции с высшим профессиональным образованием, национальной культурой, свободным владением родным языком и русским языком, что можно считать беспрецедентным социальным явлением. Среди них были руководители государственных и партийных органов. На этот раз в Уральске была замечательная эпоха региональной генерации интеллектуальных лидеров.

Ключевые слова: демография, население, перепись, прирост, миграция, национальности, труд.

Annotation: In the post-war years, great processes took place in the social development of the country. These changes have made many changes in the subsequent political, economic and cultural life of the country. One of such phenomena was the formation of the Kazakh Soviet intelligentsia. The formation of the Kazakh intelligentsia as a social group in Western Kazakhstan took place in the post-war years. Since the 50s and 60s, the intelligentsia began to form in Uralsk as a social group in the cultural, scientific, political and economic life of the region. It was a group of intellectuals with higher professional education, national culture, fluency in their native language and Russian, which can be considered an unprecedented social phenomenon. Among them were heads of state and party bodies. This time in Uralsk there was a wonderful era of regional generation of intellectual leaders.

Keywords: demography, population, census, growth, migration, nationalities, labor.